Тараз қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі

# Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы жолы

## Виртуалды көрме

Тараз-2017

**Құрметті оқырмандар!**

**Сіздердің назарларыңызға «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы жолы» атты виртуалды көрмемізді ұсынамыз!**

**Рухани жаңғыруы бұл мемлекетіміздің өсіп өркендеуінің жаңа сатысы.**

**Экономиканың дамуы бәрімізге өз септігін тигізіп, болашаққа нық қадаммен жүруімізге жол ашатыны бәрімізге белгілі.**

**Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған кең байтақ жерімізді, тарихи-мәдени құндылықтарымызды, тарихымызды, ізгі қасиеттерімізді сақтап және де жаңғыртуымыз қажет.**

**Білім әр адамның рухани азығы. Білімді-саналы ұрпақты өсіру үшін, балалардың бойына ізгілік пен патриоттық сезімді ояту.**

**«Туған жер» бағдарласы аясында, жергілікті және республикалық деңгейдегі тарихи ескеркіштерді көздің қарашығындай қорғау, оларды алыс-жақын жұртқа насихаттаумыз тиіс.**

**Әлем бір орында тұрмайды, заманға сай өмір сүру үшін көштен қалыспаумыз керек.**





**Сіздерге сәтті сапар біздің виртуалды көрмемізге!**



Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына ЖОЛДАУЫ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮШІНШІ ЖАҢҒЫРУЫ: ЖАҺАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК
ПОСЛАНИЕ Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана
ТРЕТЬЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАЗАХСТАНА: ГЛОБАЛЬНАЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ
ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ
Страна Великой степи • A country of the Great steppe
МӘҢГІЛІК ЕЛ – ҚАЗАҚСТАН
А. Сейдімбек
Х. Әбжанов
Қ. Салғараұлы
ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ:
тарихи тағдыры мен болашағы
Вечная страна моя
Жамбыл
25
Ел Президенті Жамбыл жерінде
Жасампаз 25 жыл
Сейдахан БАКТОРАЗОВ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАРИХЫ
(1991-2016 жылдар)
ТАРИХИ ЗЕРДЕ – ЖАҢҒЫРҒАН АТАУЛАР
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ – ОБНОВЛЕННЫЕ НАЗВАНИЯ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
75
ЖЫЛНАМА - ШЕЖІРЕ
ҚҰРМЕТ КІТАБЫ
"Мен халқымның Бауыржанымын!"
Нарша ҚАШАҒАНҰЛЫ
Елде тұрам
Өлеңдер




342.511.7(574)
Қ18

**Қазақстанның үшінші жаңғыруы : жаһандық бәсекеге қабілеттілік** [Мәтін] = Третья модернизация Казахстана : глобальная конкурентоспособность : Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы : Юрист, 2017.




I басымдық
Экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы
Жер қойнауы туралы жаңа кодекс қабылдау
Ірі аграрлық экспорттық өнім өндіру
Экспорттық өндірісті дамыту
Құрылыс секторын дамыту
I басымдық
Еңбек өнімділігін арттыру


II басымдық
Бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту
Кәсіпкерлікті дамыту
Бизнес шығынын азайту
Жекешелендіру
Жекеменшік серіктестігі аясын кеңейту
Баға мен тариф бойынша ымыраласуға жол бермеу
халық IPO
Yellow Pages


Қазақстан Республикасының Президенті
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы
«Қазақстанның Үшінші жаңғыруы:
жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
МАҢЫЗДЫ КЕШЕНДІ 3 МІНДЕТ:
01
Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз.
02
Жаңа индустриялар құрумен қатар дәстүрлі базалық салаларды дамытуға серпін беруіміз керек.
03
Еңбек нарығын жаңғырту


Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы
«Қазақстанның Үшінші жаңғыруы:
жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
4 басымдық
Адами капитал сапасын жақсарту
Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру
IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек
Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет
Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді.
2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытатын боламыз.
1
Білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс
2
Денсаулық сақтау жүйесі де өзгеруге тиіс
3
Әлеуметтік қамтамасыз ету саласына қатысты
1 шілдеден мемлекеттің, жұмыс берушілердің, азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті медициналық сақтандыру жүйесі (ММСЖ) енгізіле бастайды
Үкімет қажетті деңгейде денсаулық сақтау саласын ақпараттандыруы керек. Бәсекелестікті дамыту үшін жеке меншіктегі медицина мекемелеріне ММСЖ жүйесі аясында тең жағдай туғызу керек.
Заңнамалық тұрғыдан барлық дәрі-дәрмектің бағасын реттеуді енгізу қажет.
Елбасы тапсырмасы бойынша 01.07. 2017. бастап 2,1 миллион зейнеткер үшін зейнетақы 2016 жылғы деңгейден 20%-ға дейін арттырылады
Базалық зейнетақы тағайындау 01.07. 2018. бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты
Бұл зейнетақының жаңа мөлшерін 2017 жылмен салыстырғанда 1,8 есе арттыруға мүмкіндік береді.
Елімізде жыл сайын 400 мыңға жуық бала туады. Бұл 1999 жылғы деңгейден 2 есе дерлік жоғары
Елбасы тапсырмасы бойынша 01.07. 2017. бастап бала туғанда берілетін бір реттік жәрдемақы көлемі 20%-ға өсіріледі


V басымдық
Қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес
Діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу
Жеке меншікті қорғау
Әкімшілік айыппұлдар әділетті және құқық бұзу деңгейіне сәйкес болуға тиі
Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету

## БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс**

## XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ



### Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

### Білімнің салтанат құруы

Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу.





### Прагматизм

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез - құлықтың прагматизмі.

### Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді.





### Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

### Сананың ашықтығы

1. Адам жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.
2. Ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз.






39(=512.122)
Ұ46

**Ұлы дала елі** [Мәтін] = Страна Великой степи = A country of the Creat steppe : қазақтың әдеп-ғұрып, салт-дәстүрі, мерекелері, тағамдары / [құраст. А. Мұқан]. - Алматы: Сардар, 2017. - 240 б. : сурет

Бұл кітапта халықтың жадында көне заманнан сақталған дәстүрлі өнерінен бастап еуропалық классикалық үлгілер, заманауи озық бағыттар кеңінен қамтылған. Дала халқы өзінде бар ата кәсіптерін, алдыңғы буынның тұрмыстық қолданыс қажетіне деп жасаған дүниелерін көркем-мәдени мұралар құндылығына дейін жеткізе алған шебер де талантты халық. Кітапта Қазақстан Республикасы жайлы мәліметтер (мемлекеттік құрылымы, тарихы, табиғаты, экономикасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, туризмі, көрікті тарихи, табиғи жерлері және ұлттық тағамдары мен ойындары, т.б.) соңғы мәліметтер бойынша берілген.












**ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТІҢ БЕСІГІНДЕЙ**............6
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**..........................9
Географиялық орналасуы...........................................17
Халқы ............................................................................17
Тарихы ..........................................................................20
Экономикасы.................................................................25
Табиғаты .......................................................................34
Туризмі ..............................,………………………..20
ҚР мемлекеттік рәміздері ……………………….…51
Күнтізбелік мерекелер..................................................53
**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРПЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРІ**.........................................................55
Ұрпақ тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар ..............................................................61
Тұрмыстық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар.......................................................83
Жалпыхалықтық мерекелер.........................................86
**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ**.....................91
Сүт тағамдары..................................................................94
Ет тағамдары.................................................................109
Ұннан жасалған тағамдар............................................119
Дақылдардан жасалған тағамдар................................124














323(574)(084)
М36

**Мәңгілік ел - Қазақстан** [Мәтін] = Вечная страна Казахстан = Kazakhstan - eternal country / [құраст. М. Байленова, Г. Алмасбекова]. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 184 б. : сурет.

*«Мәңгілік ел - Қазақстан» фотоальбомы Қазақстан Республикасының жалпы сипаттамасын, табиғатының көзбен көріп, тамашалауға тұрарлық, туризмі дамыған көрікті жерлерін, айтулы тарихи орындарын, қысқаша экономикалық-саяси ахуалын көрсететін, сонымен қатар қазақ халқының өзіне тән ұлттық құндылықтары мен еңбек түрлерін, маусымдық қоныстарын, салт-дәстүрлерін, киімдері мен музыкалық аспаптарын, ойындарын, тағамдары мен қолөнер бұйымдарын, т.б. ерекшеліктерін, фотосуреттермен бірге таныстыратын басылым болып табылады. Оқырман қауым, бұл басылымнан тәуелсіз жас мемлекет - заманауи Қазақстанның атын әлемге танытып жүрген тұлғалар туралы да біле алады.*






66.3(5Қаз)
С31

**Сейдімбек, А.** Ұлттық идея : тарихи тағдыры мен болашағы [Мәтін] / А. Сейдімбек, Х. Әбжанов, Қ. Салғараұлы. - Астана: Фолиант, 2012. - 248 б.

**МАЗМҰНЫ**

Кіріспе..........................................................................3

*БІРІНШІ БӨЛІМ*

**Елдік және ұлттық идея негіздері: методологиялық пайым**

1.1. Қазіргі ахуал..........................................................8
1.2. Қазақы болмыс, қазақшылдық және ұлт.............26
1.3. Ұлттық сана, мүдде, мінез....................................34
1.4. Дәстүр. Ұлттық мәдениет пен өркениет...............43

*ЕКІНШІ БӨЛІМ*

**Ұлттық идеяны зерттеу ұстанымдары**

2.1. Мұрағат деректері және ұлттық идея...................87
2.2. Ұлттық идея: мәні және эволюциясы.................101
2.3. Қазақ хандығы: елдік идеология және ұлттық идея.......108
2.4. Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы...........156
2.5. Енші институты....................................................193
2.6. XX ғасыр басындағы ұлттық идея мәселелері.....219
2.7. Астана - қазіргі ұлттық идея ұйытқысы................231
Қорытынды................................................................242
Пайдаланылған әдебиеттер........................................245
Таңбалар мен қысқартулар.........................................245

Ұлттық идея мәселесінің мәні ұлттың тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды. Сондықтан да ұлттық идеяны ұлты мұраты деп қабылдау жөн. Мұратсыз ұлттың ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес.

Тәуелсіздік тұсында ұлттық идеяның мәні мен болмысын шығармашылық бостандық тұрғысынан анықтауға батыл қадамдар жасалуда. Сол игі қадамның бірі ретінде қазақ даласындағы ұлттық идеяның тууы мен даму белестерін кешенді түрде тиянақтап, болашағына көз жүгірткен осы еңбек оқырман назарына ұсынылып отыр.


Туған жер мен
туған ел



84(5Қаз)
М36

**Мәңгілік Елім менің** [Мәтін] = Вечная Страна моя / [құраст. Л. Шашкова, К. Бакбергенов, К. Құныпияұлы]. - Алматы: Ан Арыс, 2016. - 384 б.

Ел дамуын қамтамасыз етер осынау бағдарлы бағытымыз бен алға қойған іргелі мақсаттарымыздың табысты орындалып жатқанын күллі әлем көріп-біліп отыр. «Бірлік болса - тірлік болады» демей ме халқымыз. Мәңгілік Елді тұғырлы етудің де бірегей алғышарты - осы бірлік болса керек.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арнап «Алтын Қыран» халықаралық қайырымдылық қорының» қаржылық демеуімен Қазақстан Жазушылар одағы шығарып отырған «Мәңгілік Елім менің - Вечная Страна моя» атты поэзиялық антологиямыздың лейтмотивінің де осы бірлік деген ұғымға негізделгені сондықтан.

Өнері мықты елдің өрісі кең. Көркемсөз дейтін арманымызға қанат бітірер текті өнердің ел мерейін үстем етер биіктен көрінгені ел мәңгілігін қамтамасыз етер басты атрибуттарымыздың бірі. Тілі әртекті болғанымен ділі біртұтас көпұлтты Қазақстан әдебиетінің өткені де, бүгіні де, болашағы да «Мәңгілік Ел» дейтін ұғымнан бастау алары қалай ақиқат болса, сол ұғымға қызмет етері де солай шындық.

Бұл - Тәуелсіз Қазақ Елінің өмір сүру үлгісінің көрінісі.

Родилась 25 апреля 1946 года в Таласской области Киргизской ССР. Окончила Джамбулское медицинское училище и факультет журналистики КазГУ. Автор 20 книг. Призёр многих поэтических конкурсов. Лауреат премии Союза молодежи Казахстана (1978). Лауреат Государственной премии РК (2006). Лауреат международной премии имени Константина Симонова (2012). Член правления Союза писателей Казахстана. Награждена орденом «Құрмет».



**Куляш**
**АХМЕТОВА**

### ӨЗ ЕЛІМ

Сүйіктіңдей жүретін кіл есіңде,
Кір түсірме ел деген ұлы есімге.
Ата мекен – бақыты бабалардың
Жеңіп алған сан ғасыр үлесінде
Күндерімен, түнімен, гүлдерімен
Өзіңдікі ол сенің, білесің бе?

Өзіңдікі ауасы, таң нұры да,
Өзіңдікі жазы да, жаңбыры да.
Өзіңдікі даласы, тау қыры да,
Өзіңдікі мереке, ән-жыры да.
Өзіңдікі барлығы болғаннан соң
Өзіңдікі болғаны тағдыры да.

Өзіңдікі суы да, орманы да,
Өзіңдікі көлі де, қорғаны да.
Өзіңдікі үйлері, бақтары да,
Өзіңдікі көшесі, жолдары да.
Бар бақыты сенікі болғаннан соң
Қайғысы да сенікі болғаны да.

Бір көресің шат мұңды кезеңін де
Алтын болып көрінер жез өңін де.
Сен сүюге тиіссің туған жердің
Бұлбұлын да, әнін де, өзенін де
Өз анаңның алдында ұйықтағандай
Өзі бақыт – жүргеннің өз елінде!

### ОТЧИЙ КРАЙ

Не запятнай бесчестьем
отчий край,
его всегда люби и почитай.

Родился 1 марта 1969 года в Сарысуском районе Жамбылской области. Автор трёх поэтических книг: «Ай-Нұр» («Жазушы», 1996), «Ай» («Сын», 1999) и «Кентавр» («Жалын», 2008). Обладатель главного приза фестиваля «Студенческая весна – 1999», лауреат премии «Дарын». Лауреат международной литературной премии «Алаш». Заместитель председателя правления Союза писателей Казахстана.



**Маралтай**
**РАЙЫМБЕКУЛЫ**

### КЕНТАВР

Тұлпарға мінген ұлы даланың
Тарпаң мінезді ұлы боламын.
Жауларым семсер сілтеген сәтте
Қиылған талай гүлім, қарағым.

«Тереңдеп кеткен әжімің» деме,
Бүгінге қарап қажыдым неге?
Сұңқарлар анау торғайға түсіп,
Естілмей кетті-ау қаз үні көлде.

Бір ғажап рух ғарыштан келіп,
Дұшпанмен бабам алысқан дедік.
Сүйемдей жерге сүйегін берген
Арыстар туып, намыстан өліп.

Көнеден қалған жыр тегін ұқсақ,
Ұйқыдан безем Күлтегін құсап.
Келмейді мені мойындағысы
Өркениеттік ділдегі ынсап.

Неғылсын сон-оу заманды надан,
Жаулаған жарты ғаламды бабам.
Толассыз уақыт толғату керек,
Табанға салса адамды адам.

Болмауы тиіс мұратым мұңды,
Толағай бір ұл туатын сынды –
Кісі бейнелі, тарпаң жүректі,
Кешегі… біздің ұғатын сырды.

Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі
Бабалар бүгін түсіме енбейді.
Солардан қалған жүрек қой мынау –
Жүрегім неге кісінемейді?

Пұшайман халім өртеді мені.
Қылқобыз кеудем шертеді нені?




**63.3(5Қаз-4Жам)я6**
**Ж25**

Жамбыл облысы [Фотоальбом] : [өлке тарихы, экономика, әлеуметтік сала]. - Алматы: [баспасыз], 2015. - 217 б. : сурет

**Жамбыл облысының 75 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған бұл фотоальбомда өңірдің табиғаты, тарихы, әлеуметтік-экономикалық салаларының дамуы, ежелгі Тараз бен облыс аудандарының бүгінгі келбеті көрініс тапқан.**

**Фотоальбом өзінің көркем безендірілген суреттерінің тылсым сұлулығымен оқырманды тартатыны сөзсіз.**

**Фотоальбомды дайындау барысында фототілшілер А. Қартабаевтың, В. Барбаш, А. Рысмахан, П. Норкиннің суреттері пайдаланылды.**









# Өлке тарихы
# Экономика
# Әлеуметтік сала




***Жамбыл облысы***

- ***Жер көлемі***: 144,3 мың шаршы шақырым
- ***Тұрғындар саны***: 1084500 адам
- ***Климаты***: континетальды
- ***Облыс орталығы***: Тараз қаласы

Облыста 10 аудан әкімшілігі - Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Қордай, Меркі, Мойынқұм, Сарысу, Талас, Т.Рысқұлов, Шу; 3 шағын қала - Қаратау, Жаңатас, Шу; 152 ауылдық, кенттік округ; 373 елді мекен бар.







# История края
# Экономика
# Социальная сфера








63.3(5Қаз-4Жам)л6
Е41

**Ел Президенті Жамбыл жерінде** [Мәтін]. - Тараз: ЕрСая, 2016. - 148 б. : сурет.

Фотоальбом Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналады.

Фотоальбомға еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетіміздің егемендігі жарияланған 1991 жылдан бергі кезеңде Жамбыл облысына келген жұмыс сапарлары кезінде халықтың хәл-жағдайымен, өзінің бастамасымен қолға алынған мемлекеттік бағдарламалардың өңірде іске асырылуы барысымен танысып, елмен емен-жарқын жүздескен, әңгімелескен сәттерінің хроникасы енген.

Ширек ғасыр бедеріндегі облыс өміріндегі оқиғаларды қамтыған бұл фотоальбомнан оқырман өлке тарихына, әр жылдарғы экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштеріне қатысты қажетті де қызықты деректерден хабардар бола алады.

























Кітап сөресіне қайта оралу...




63.3(5Қаз-4Жам)
Р94

**Рысдәулет, М.** Жасампаз 25 жыл [Мәтін] : Жамбыл облысы : Тәуелсіздік шежіресі : [деректі тарихи-танымдық жинақ] / Мақұлбек Рысдәулет. - Алматы: Томирис 21, 2016. - 672 б. : сурет.

1991 жылғы 16-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданды. Міне, осы күннен бастап Қазақ Елін әлем Тәуелсіз ел ретінде тани бастады. Сол күннен бастап Тәуелсіздік, Бейбітшілік ұранды ұстанымыз, Тұрақтылық пен Келісім, Ынтымақ пен Татулық, Бірлік пен Береке өмір салтымыз екенін бар дауыспен әлемге жария еттік, оны нақты іс-әрекетпен дәлелдедік.

Тәуелсіздік - Жасампаздықтың және Ұлы істердің нұрлы жолы. Сіздерге ұсынылып отырылған кітапта осы қағидаттардың шежіресі шертіледі. Бірлік салтанат құрған жасампаз 25 жылда еліміздің ішкі және сыртқы саясаты Жамбыл облысының тыныс-тіршілігі арқылы көрініс тапқан. Кітапта Тәуелсіздік, оның әр жылы туралы жамбылдық мемлекет және қоғам қайраткерінен бастап, қатардағы еңбек адамына дейін ой толғайды. Кітап қалың оқырмандарға арналған.



































63.3(5Қаз-4Жам)
Е77

**Еріне қарап, елін таны** [Мәтін] : жамбылдықтар отты жылдар қаһармандары . - Алматы: [баспасыз], 2016. - 408 б.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналып шығарылып отырған бұл кітапта Жамбыл облысынан аттанып, екінші дүниежүзілік соғыс майдандарында ерліктерімен өздерін мәңгі даңққа бөлеген Кеңес Одағы Батырлары мен Даңқ ордені толық иегерлері, әскери бөлімдерді басқарған сардарлар мен қатардағы жауынгерлер жайлы әр жылдары республикалық, облыстық, аудандық газеттерде жарияланған көркем очерктер мен мақалалар қамтылып отыр. Сондай-ақ майдангерлердің естеліктері, елге жазған хаттары, ұрыс даласынан оралмаған ақындардың өлеңдері, тылда жанкешті еңбек еткендер мен балалығын соғыс жұтқан ұрпақ өкілдерінің толғаныстары да берілген. Соғыс ардагерлерінің отбасылық жеке қорларынан, жергілікті мұражайлардан, мемлекеттік мұрағаттан алынып берілген фотосуреттердің де ұқтырары көп.

Сол сұрапыл жылдардың шындығын біліп, Ұлы Жеңістің қаншалықты құрбандықпен, ауыр азаппен, қиыншылықпен келгенін, маңызын түсінуге, аға ұрпақтың ерлік жолына қанығуға көмектесетін кітап жастарға, өлке тарихын зерттеушілерге, жалпы көпшілік қауымға арналған.




63.3(5Қаз-4Жам)
Б21

**Бакторазов, С.** У. Жамбыл облысының Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихы (1991-2016 жылдар) [Мәтін] : [монография] / Бакторазов Сейдахан Уәлиұлы. - Алматы: Томирис 21, 2016. - 288 б. ; 20 см. - Библиогр. : 283-285 б.

Қазақстан тарихы 1991-ші жылдың желтоқсанынан өзінің жаңа жыл санауын бастады. 16-шы желтоқсан - бірнеше ұрпақтардың армандаған мақсатының жүзеге асқан күні болды. Дәл осы күн Қазақстанның толық құқылы субъектілігін рәсімдеген күні еді. Тәуелсіздік Туын желбіреткен Қазакстан өзгерді. Ол нарықтық экономика, демократиялық, әлеуметтік, зайырлық және құқықтық мемлекет құру жолына берік қадам басты. Бұдан кейінгі жылдары егемен еліміздің саяси жүйесінде түбегейлі демократиялық-құқықтық реформа жасалып, ол конституциялық, институционалдық-құрылымдық, мазмұндық-функциялық терең өзгерістерге ие болды.

Аталған оң өзгерістердің облысымызда да орын алғандығы мәлім. Тиісінше, Тәуелсіздік кезеңіне жаңадан қадам басқан Жамбыл өңірінде де әлеуметтік-экономикалық жаңғыртулар жүзеге аса бастады.

Қазақстан Республикасының 25 жылдық мерейтойы қарсаңында ұсынылып отырған кітапта Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағатындағы құжаттар мен кітапханалардағы тарихи әдебиеттерді және күнделікті баспасөздегі материалдарды окып-білу және қорыту негізінде Тәуелсіздік тарихы өңірлік деңгейде қарастырылады. Еңбек көпшілік оқырмандар қауымына, өңірлік басқару жүйесінің кызметкерлеріне, сонымен қатар ғылымның әлеуметтік-гуманитарлық саласының мамандарына, студенттер мен магистранттарға арналған.


МАЗМҰНЫ

Алғы сөз ........ 3
Кіріспе ........ 7
I. Тәуелсіздік кезеңіндегі Жамбыл облысындағы әлеуметтік-экономикалық жаңғыртулар ........ 9
1.1. Облысымыздағы жаңа қоғамдық қарым-қатынастарға көшу жағдайындағы оң өзгерістер ........ 9
1.2. Өңіріміздегі өтпелі кезеңдегі (1994–1998 ж.ж.) әлеуметтік-экономикалық дағдарысты ырықтандыру шаралары ........ 19
1.3. Экономиканы тұрақтандыру жылдары (1998–2001 ж.ж.) ........ 35
1.4. Облысымызда әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерінің қалыптасуы (2002–2010 ж.ж.) ........ 69
1.5. «Қазақстан-2050» стратегиясы және «Ұлт Жоспары» аясында облыс аумағында жүзеге асырылып жатқан индустриялық-инновациялық жобалар ........ 91
1.6. Даму даңғылына бет алған өңір. ........ 124
II. Әулие ата (Жамбыл) өңірінің Тәуелсіздік кезеңіндегі әлеуметтік-рухани дамуы ........ 188
2.1. Егемендікке негізделген қоғамдық сана мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру үдерісі ........ 188
2.2. Ғылым, халық ағарту және денсаулық сақтау ісі ........ 216
2.3. Аймақ мәдениетінің көкжиектері ........ 250
2.4 Туризм және спорт ........ 268
Қорытынды ........ 280
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ........ 283




63.3(5Қаз-4Жам)
Т21

Тарихи зерде - жаңғырған атаулар [Мәтін] = Историческая память - обновленные названия : атауы өзгерген елді мекендер, көшелер, нысандар. - Тараз: Люкс Медиа Груп, 2016. - 538 б.

***Қасиетті қазақ жері – ата-бабаларымыздың даңқты тарихын тұяғымен жазып кеткен жер.***

***

***Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу, алдымен, өзі тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады.***

*Нұрсұлтан Назарбаев*

Оқырмандарға ұсынылып отырған анықтамалық кітапқа 1991-2016 жылдар аралығында облыс көлемінде атаулары өзгертілген елді мекендердің, көшелердің, білім нысандарының жаңғырған атаулары енгізілген. Сонымен бірге кітап тарихи орындардың, көне қалалардың, табиғаты сұлу, көрікті жерлердің суреттерімен безендіріліп, танымдық мәліметтермен толықтырылған.

Кітап Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арнап шығарылған.









63.3(5Қаз-4Жам)
Р94

**Рысдәулет, М.** Жамбыл облысы 75 [Мәтін] : жылнама-шежіре / Мақұлбек Рысдәулет. - Алматы: Таймас, 2014. - 544 б.

Кітапта құрылғанына 75 жыл толып отырған Жамбыл облысының 1939 жылдан бүгінгі күнге дейінгі экономикасынан, әлеуметтік тұрмысынан, мәдениеті мен басқа да саласының тыныс-тіршілігінен хабардар етер мәліметтер мен деректер, оқиғалар бар. Киелі де қасиетті, ғасырлардан тамыр тартқан облыстың жетпіс бес жылының тарихы жылнама-шежіре ретімен баяндалады. Бұл тәуелсіздік жылдарынан кейінгі облыстың тыныс-тіршілігінен анық көрінеді. Жетпіс бес жылдық тарихын білуге негіз қалайтын, Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағатында сақтаулы құжаттар негізінде жазылған кітап деректері тарихшылар, ғалымдар мен студенттер, өлкетанушылар мен магистранттар үшін құнды болатыны анық.































**Біз өз тарихымыздың адамзат тарихымен, күллі өркениет тарихымен тереңнен астасып жатқанына, біздің мүдделеріміз де адамзаттың бүгінгі және ертеңгі мүдделерімен етене төркіндес екеніне өзіміздің де, өзгелердің де көзін әбден жеткізуіміз керек. Солай екендігін бүгінгі істерімізбен, өткенге деген түсінік-терімізбен дәлелдеуіміз керек.**

*Қазақстан Республикасының Президенті*
*Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ*






92(5Қаз-4Жам)
Қ77

**Құрмет кітабы** [Мәтін] : Жамбыл облысының Құрметті азаматтары. - Караганда: [баспасыз], 2016. - 131б. : сурет.



***Жамбыл облысының Құрметті азаматтары жайлы «Құрмет кітабының» кіші нұсқасы облыстың 75 жылдығына орай шығарылып отыр. Олардың есімдері облыс орталығында орналасқан***

***«Еңбек даңқы» аллеясындағы «Құрмет тақтасына» енгізілген. Бұндағы мақсат - Құрметті азаматтардың жүріп өткен өмір және еңбек жолын, облыстың өсіп-өркендеуіне қосқан үлесін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ету.***

Кітап сөресіне қайта оралу...



## ӘШІМОВ АСАНӘЛІ

Екінші шақырылған облыстық
мәслихаттың 23.08.2002 жылғы
он төртінші сессиясының №14-8 шешімі




Жамбыл облысының Құрметті азаматтары жайлы
«Құрмет кітабының» кіші нұсқасы облыстың 75 жылдығына орай
шығарылып отыр. Олардың есімдері облыс орталығында орналасқан
«Еңбек даңқы» аллеясындағы «Құрмет тақтасына» енгізілген.
Бұндағы мақсат – Құрметті азаматтардың жүріп өткен өмір
және еңбек жолын, облыстың өсіп-өркендеуіне қосқан үлесін
кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ету.



## ҮРКІМБАЕВ МАРС ФАЗЫЛҰЛЫ

Төртінші шақырылған облыстық
мәслихаттың 11.12.2009 жылғы
он тоғызыншы сессиясының
№19-14 шешімі



## МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

Төртінші шақырылған облыстық
мәслихаттың 12.12.2007 жылғы үшінші
сессиясының №3-25 шешімі



## ТҰРЫСОВ ҚАРАТАЙ

Екінші шақырылған облыстық
мәслихаттың 23.08.2002 жылғы
он төртінші сессиясының №14-8 шешімі



## ЖАМАНҚҰЛОВ ТҰҢҒЫШБАЙ ҚАДЫРҰЛЫ

Үшінші шақырылған облыстық
мәслихаттың 12.12.2006 жылғы кезектен
тыс жиырма бірінші сессиясының №21-5 шешімі



## ҚОРАЗБАЕВ АЛТЫНБЕК

Екінші шақырылған облыстық
мәслихаттың 23.08.2002 жылғы
он төртінші сессиясының №14-8 шешімі




**821.512.122(574.52)**
**Қ25**

**Қалдыбай М.** "Мен - халқымның Бауыржанымын!" [Мәтін] : [әңгімелер] / Мамытбек Қалдыбай. - Алматы: Келешек, 2017. - 456 б.

**Белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбайдың бұл жаңа кітабында даңқты қолбасшы, әскери ғылымның білгірі Бауыржан Момышұлының жайшылықтағы мінез-құлқы, тапқырлылығы мен шешендігі, ұлтжандылығы мен ойшылдығы, өскен орта ерекшелігі, елдік намысқа нұқсан келер жерде бет-жүзіне қарамай айтатын турашылдығы бейнеленген. Жиырма бір жыл қоян-қолтық араласып, тәлімін көрген, әрқилы жағдайдағы айтқан әңгімелерін тыңдап, көңіліне түйген автор Баукеңнің ішкі әлемінің жұртқа беймәлім сырын мүмкіндігінше кеңінен аша түскен.**

**Кітапқа енген туындылар тың, тілі көркем, оқиғасы қою, талғампаз оқырман жан дүниесін баурап аларлықтай тәрбиелік, танымдық мәні терең.**




821.512.122(574.52)
Қ52

**Қашағанұлы, Н.** Елде тұрам [Мәтін] : өлеңдер / Нарша Қашағанұлы. - Алматы: Нұрлы Әлем, 2017. - 120 б.

***Бұған дейін "Өлеңге менің-дағы бар таласым", "Жақсылық жаса адамға", "Туған ел тұлғалары" аталатын кітаптары шыққан ақын Нарша Қашағанұлы көп жылдан бері өз кейіпкерлері ортасында тұрады. Сондықтан да бұл жинағына туған жер, ел, отан, оның даңқты тұлғалары туралы, сондай-ақ "Саған жазған хаттардан" жырлар шоғыры және бүгінгі өмір мен уақыт, көңіл мен өлең жайлы өзекті ой-толғаныстары топталған.***


МАЗМҰНЫ



# *Назар аударғандарыңызға рахмет!*

**Виртуалды көрме Тараз қ. ОККЖ Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінде жасалды**



**libr.e-taraz.kz**

